

"Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 345 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 995 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.09.2014 № 995 қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы № 1237 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 47, 586-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі туралы ережеде: 16-тармақ мынадай мазмұндағы 164-1), 164-2), 164-3) және 164-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«164-1) аккредиттеу жөніндегі органды таңдау бойынша конкурс өткізу қағидаларын және сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі органға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлейді;

164-2) сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеуге арналған өтінімнің, мәлімделетін аккредиттеу саласының, сынақ, салыстырып тексеру, калибрлеу зертханаларына (орталықтарына), өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды жүзеге асыратын заңды тұлғаларға арналған паспорттардың, сәйкестікті бағалау бойынша жұмыстарды орындайтын персонал туралы мәліметтердің нысандарын бекітеді;

164-3) сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу алдындағы және аккредиттеуден кейінгі үлгілік шарттарды бекітеді;

164-4) өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу тәртібін айқындайды және бекітеді;»;

17 - т а р м а қ т а :

73) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«73) инвестициялық преференцияларды ұсынуға арналған өтінімдерді

қабылдайды, тіркейді және қарастырады;»;
мынадай мазмұндағы 81-1) тармақшамен толықтырылсын:
«81-1) сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі органды
таңдау бойынша конкурстарды ұйымдастырады және өткізеді;»;
85) тармақша алынып тасталсын;
18-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:
«3-1) сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу жөніндегі органды
тексеру нәтижелері бойынша мәртебесінен айыру туралы ұсыныммен Қазақстан
Республикасының Үкіметіне жүгінеді;».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*